



Жарқамыс орта мектебі

Тақырыбы:

“Көктем. Сөйлем”

2015 оқу жылы



Мақсаты:

Оқушылардың сұраулы сөйлемдер туралы түсініктерін кеңейту, елеңді түсініп, мәнерлеп оқуға жаттықтыру; оқушылардың сөйлеу тілін дамыта отырып, табиғаттың әсемдігін сезінуге баулу.

Сабақтың түрі:

Аралас сабақ

Сабақтың көрнекілігі:

Т. Молдағалиевтің суреті.
Жеке сюжетті сурет,
карточкалар.

Сабақтың әдісі:

ой қозғау, талдау, түсініп оқу, салыстыру, анықтау, ажырату;

Сабақтың барысы:

I. Бағдарлау-мотивациялық кезеңі.

II. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Психологиялық дайындық

*Ал, кәнекей балалар,
Қазір сабақ оқимыз.
Жақсы оқып сабақты,
Зердемізге тоқимыз.*

2. Өтілген сабақты еске түсіру.

Үй тапсырмасын сұрау. Өтілген сабақтар бойынша сұрақтар беру.





III. Операционалдык-орындаушылык кезеңі.

Жаңа сабак

Жүмбақ шешу.


Күн ұзарып, қар еріп,



Су сайларға толады.

Бұл қай кезде болады?

Көктемде

Балалар бүгін біз көктемгі табиғатты тамашалаймыз. Ол үшін біз көктемгі әсем табиғатты суреттейміз. Сендер сұраққа жауап берулерің керек.





**Балалар кім көктем айларын атайды?
Көктем мерекелерін қандай өзгерістер
болады?
Көктемде нелер ұшып келеді?
Ағаштарда қандай өзгеріс болады?**

Оқулықпен жұмыс.

*Күннің жадынын жазу.
Тақырыпты жазу.
Өлеңнің авторы:
Тұманбай Молдағалиев
таныстыру.
Өлеңмен жұмыс.
149-жаттығу.*

- 1. Мұғалімнің өленді
мәнерлеп оқуы.*
- 2. Оқушылардың оқуы.*





Тұманбай Молдағалиев





Өмірбаяны

Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы наурыз айында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Жарсу совхозында дүниеге келген. Қазақтың біртуар ақыны. 2011 жылы қазанның 10 күні Тұманбай Молдағалиев дүниеден озды.

Қызмет жолы

1956 жылы- Қазақтың Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді.

1970-1973 жылдары Пионер журналында және Балдырған журналының жауапты хатшысы болды.

1973 жылдан Жазушы баспасы жанындағы Балалар және жастар әдебиетінің бас редакциясының редокторы.



Көктем

Күн жылына бастады, көктем келді,
Ұнатамын бетімнен өпкен желді.
Шартылдайды найзағай көк аспанда
Салып жатыр қып-қызыл отпен белгі.

Күн жылына бастады, жаңбыр жауды,
Бұлттар баса бастады Алатауды.
Күн ашылса, әжемнің ақ бұзауды
Қырға шығып жаюға көңілі ауды.

Күн жылына бастады құстың бәрі
Ұшып келді: «Кетші, -деп, -қыстың қары».
Жауып тұрған жаңбырдан шығар бәлкім,
Бақтың іші түн бойы тырсылдады.

Тұманбай Молдағалиев

Өлең мазмұнына байланысты сұрақтар мен тапсырмалар:

- Ақын көктемді қалай суреттеген?
- Көктемде қандай құстар ұшып келеді?
- Көктемде алғашқы шығатын гүлді ата?
- Сөйлем неден құралады?
- Сөйлемде бірінші сөз қалай жазылады?
- Сөйлемдегі сөздер қалай жазылады?
- Сөйлемнің тыныс белгілерін ата?
- Бәйшешектен кейін шығатын көктем гүлін ата?
- Сөйлемнің тыныс белгісіне байланысты үш сөйлем айту.




Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкенетай ағаштар,
Су құйғанда өседі.



Дәптермен жұмыс.

*№1 өзіндік жұмыс
дәптерімен жұмыс*



Өзіндік жұмысты тексеру, бағалау.

IV. Рефлексиялық-бағалау кезең.

Қорытынды.


- Бүгінгі өткен өлең қалай аталады?
- Көктем өлеңінің авторы кім?
- Көктем мезгілі сендерге нелерімен ұнайды?
- Кім көктем туралы өлең біледі?

Бағалау.

V. Үйге тапсырма.

94 бет. Мәнерлеп оқу. 150-жаттығу жазу.

Жаңа сабақ түсіндірген сәтім.



Оқушылардың тапсырманы орындаған сәттері

